



«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Магистранттардың кәсіби практикасы туралы ереже	MC ISO 9000:2015 MC ISO 9001:2016 MC ISO 37001:2016
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-47	Енгізілген күні: «18» маусым 2025 ж.



БЕКІТЕМІН

Ректор

Л.К. Байболова

«18» маусым 2025 ж.

Іс-қимыл тәртібі туралы ереже
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
МАГИСТРАНТТАРДЫҢ КӘСІБИ ПРАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-47

КЕЛІСІЛДІ

АСЖ проректор

Э.Б. Аскарбеков

«18» маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа:

БД:

Тіркеу №

«Google диск»

АЛҒЫСӨЗ

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ білім беру бағдарламалары басқармасы мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімімен әзірленді.

Осы Ереже титулдық бетке ректордың жеке қол қоюы арқылы бекітіледі.

Осы Ережеге мерзімді тексеру кейінгі білім беру бөлімінің басшысы тарапынан 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізіледі.

Осы Ережеге енгізілетін өзгерістер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ қызметінде оны қолдану нәтижелері бойынша әзірленеді.

Құжаттаманы басқару процесінің нақты кезеңдерін орындауды ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапкершілік кейінгі білім беру бөлімінің басшысына жүктеледі.

2024 жылғы 28 маусымдағы № 5 редакциясымен бекітілген ЕЖ 21-09.142-2022 «Магистранттардың кәсіби практикасы туралы ереже» күшін жойды деп танылсын.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	2
1. Құжаттың атауы.....	4
2. Әзірлеуші.....	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты.....	4
4. Нормативтік сілтемелер.....	4
5. Терминдер мен анықтамалар.....	4
6. Пайдаланылатын қысқартулар.....	5
7. Жалпы ережелер.....	6
8. Білім алушылардың педагогикалық практиканың мазмұны.....	7
9. Білім алушылардың зерттеу практиканың мазмұны.....	8
10. Білім алушылардың өндірістік практиканың мазмұны.....	8
11. Үдеріспен байланысты тәуекелдер және олардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар.....	9
12. Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	9
13. Құпиялылық	10
Келісу парағы.....	11
Танысу парағы.....	11
Өзгерістерді тіркеу парағы	12
Мерзімді тексерулер есебін жүргізу парағы.....	12

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Магистранттардың кәсіби практикасы туралы ереже ҚазТБУ-БББ-ІҚТТЕ-8.5/8.6-2025-47

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі.

3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ-ның магистранттардың кәсіби практикасы туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) магистранттардың практикадан өту тәртібін реттейді және магистратураның барлық білім алушыларына арналған.

3.2 Ереженің мақсаты – Университеттегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың практиканы ұйымдастыру тәртібін регламенттеу.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 Осы Ережеде Қазақстан Республикасының келесі нормативтік құқықтық актілеріне сілтемелер жасалған:

4.2 ҚР Бюджет кодексі № 171-VIII, 15.03.2025 ж.

4.3 ҚР Азаматтық кодексі № 268-XIII, 27.12.1994 ж. (09.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.4 ҚР Еңбек кодексі № 414-V, 23.11.2015 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.5 ҚР «Білім туралы» Заңы № 319-III, 27.07.2007 ж. (15.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.6 ҚР «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы № 103-VIII ЗРК, 01.07.2024 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістерімен)

4.7 ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы № 410-V, 18.11.2015 ж.

4.8 ҚР Заңы «ЖОО-лардың академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту туралы» № 171-VI, 04.07.2018 ж.

4.9 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты № 2, 20.07.2022 ж. (22.04.2025 ж. өзгерістерімен)

4.10 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағыттары бойынша кадрлар даярлау бағыттарының классификаторы № 569, 13.10.2018 ж. (21.07.2023 ж. өзгерістерімен)

4.11 Экстернат және онлайн оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін бағыттар тізбесі № 530, 02.10.2018 ж. (13.09.2022 ж. өзгерістерімен)

4.12 Кредиттік технология бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары № 152, 27.05.2011 ж. (26.03.2025 ж. өзгерістерімен)

4.13 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үлгілік ережелері № 595, 30.10.2018 ж. (24.06.2024 ж. өзгерістерімен)

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтамасы
Практика базалары	Білікті кадрлармен кәсіби практиканы басқаруды жүзеге асыру үшін және материалдық-техникалық базасы бар, жарғылық қызметі кадрларды даярлау бейіні мен білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келетін ұйымдар.
Магистранттың жеке жұмыс жоспары	Білім алушының білім беру бағдарламасы негізінде ғылыми жетекшінің басшылығымен оқу кезеңіне өз бетінше жасайтын жұмыс жоспары.
Жеке оқу жоспары	Білім алушының білім беру бағдарламасы мен таңдау пәндері каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әр оқу жылына өз

	бетінше қалыптастыратын оқу жоспары.
Зерттеу практикасы	Отандық және шетелдік ғылымдағы заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктермен, ғылыми зерттеу әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен танысуға бағытталған практика түрі.
Магистр	Магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.
Магистрант	Магистратурада оқитын тұлға.
Магистратура	Кемінде 60–120 академиялық кредит көлемінде білім беру бағдарламасын меңгеру арқылы "магистр" академиялық дәрежесін беру мақсатында кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейі.
Кәсіби практика	Жоғары білімнің кәсіби білім беру бағдарламасының міндетті компоненті болып табылады және жоғары оқу орнында оқыту барысында алынған теориялық білімді бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге, сондай-ақ озық тәжірибені меңгеруге бағытталған. Кәсіби практика педагогикалық, өндірістік және зерттеу практикасы түрлерінде жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес айқындалады.
Педагогикалық практика	Теориялық білімді іске асыруға және студенттік топпен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге, жоғары білікті мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыруға бағытталған практика түрі.
Өндірістік практика	Оқу барысында алынған теориялық білімді бекітуге, кәсіби құзыреттер мен дағдыларды, сондай-ақ үйреніп жатқан білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби қызмет тәжірибесін және озық тәжірибені меңгеруге бағытталған практика түрі.

6. ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқарту	Мағынасы
ЖООК	Жоғары оқу орнының компоненті
ЖОО	Жоғары оқу орны
БМЖМС	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары
МЖЖЖ	Магистранттың жеке жұмыс жоспары
ЖОЖ	Жеке оқу жоспары
ЭПК	Элективті пәндер каталогы
ҚР ҒЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
МҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы
МК	Міндетті компонент
ЖООКББ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі
СҚЕЖАБ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредитация басқармасы
БББ	Білім беру бағдарламасы
ЖООКБ	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылық құрам
СБӨК	Сапа жөніндегі басшылық өкілі
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ОӘК	Оқу-әдістемелік кеңес
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес

	университеті» АҚ
МЭЗЖ	Магистранттың эксперименталды-зерттеу жұмысы

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар оқу үдерісінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес оқу бағыттарына байланысты әртүрлі практика түрлерінен өтеді.

7.2 Ғылыми-педагогикалық магистратураның білім беру бағдарламасы екі практика түрін қамтиды: педагогикалық және зерттеу практикасы.

7.3 Бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасы өндірістік практиканы қамтиды.

7.4 Білім алушылардың кәсіби практикадан өтуі оқу жоспарына, академиялық күнтізбеге, бекітілген практика бағдарламасына немесе жеке оқу жоспарына (ЖОЖ) сәйкес жүзеге асырылады және практика туралы есеп пен оны бітіруші кафедрада қорғаумен аяқталады.

7.5 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың барлық практика түрлерінің бағдарламаларын бітіруші кафедралар әзірлейді, практика базалары ретінде айқындалған кәсіпорындармен (мекемелермен, ұйымдармен) келісіп, академиялық сұрақтар жөніндегі проректор бекітеді.

7.6 Кәсіби практиканың кредиттік көлемі мен саны мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен тиісті білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс оқу жоспарларымен анықталады.

7.7 Білім алушыларды барлық практика түрлеріне жолдау Университет ректорының бұйрығымен ресімделеді, онда практикадан өту мерзімі, өту орны және практика жетекшілері көрсетіледі. Әрбір практика түрі бойынша білім алушыға Университеттен және практика базасынан жетекшілер тағайындалады.

7.8 Университеттен практика жетекшісі ретінде ғылыми дәрежесі бар кафедра оқытушылары тағайындалады.

7.9 Білім алушы практикадан өту кезінде міндетті:

7.9.1 практика бағдарламасын толық орындауға;

7.9.2 практика күнделігін жүргізуге;

7.9.3 практика базасындағы ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

7.9.4 еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі және өндірістік санитария ережелерін зерделеуге және қатаң сақтауға;

7.9.5 кафедралар тапсырмасы бойынша ағымдағы жұмыстарға қатысуға;

7.9.6 белгіленген үлгіде есеп, күнделік және практика жетекшілерінің қолы қойылған мінездеме ұсынуға.

7.10 Университеттен практика жетекшісі міндетті:

7.10.1 практика басталғанға дейін білім алушыны даярлап, практика бағдарламасына сәйкес кеңес беру;

7.10.2 практиканың орындалу барысына бақылау жүргізу;

7.10.3 практика есебін тексеріп, тиісті баға қою;

7.10.4 магистранттың практикадан өтуі туралы кафедраға жазбаша пікір ұсыну;

7.10.5 практика есебін қорғау қабылдау.

7.11 Практика базасынан жетекші міндетті:

7.11.1 білім алушының практика бағдарламасына сапалы жетекшілік ету, әр білім алушыға жұмыс орнын қамтамасыз ету;

7.11.2 білім алушыларға қызметінің мәні бойынша қажетті түсініктемелер беру;

7.11.3 орындалатын жұмыстарға уақытылы бақылау жүргізу;

7.11.4 практика бағдарламасына сәйкес жетекшілік ету;

7.11.5 білім алушының практика барысында атқарған жұмысына баға беру;

7.11.6 еңбек қауіпсіздігі техникасы бойынша нұсқама жүргізу.

7.12.7 Білім алушылардың кәсіби практикасынан өту базалары ретінде мамандар даярлау бейініне және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес жарғылық қызметі бар, кәсіби практикаға жетекшілік ету үшін білікті кадрлары және материалдық-техникалық базасы бар ұйымдар белгіленеді. Кәсіби практика базасы ретінде белгіленген ұйыммен практика түрі көрсетілген келісімшарт жасалады. Ол кәсіби практикадан өтуге арналған үлгілік келісімшарт негізінде ресімделеді.

7.13 Практика базаларымен келісімшарт практика басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей жасалуы тиіс.

7.14 Бітіруші кафедра білім алушыны практикадан өту үшін қажетті құжаттар пакетімен қамтамасыз етеді, оған: практика бағдарламасы, есеп нысаны, күнделік кіреді. Сондай-ақ бұл рәсім тиісті журналға тіркеледі.

7.15 Кәсіби практика (педагогикалық, зерттеу, өндірістік) аяқталған соң білім алушы бір апта ішінде есеп дайындап, оны тексеру және қорғау үшін бітіруші кафедраға тапсырады. Есепке практикадан өту күнделігі және практика орны берген мінездеме-қорытынды міндетті түрде қоса беріледі. Есеп практика жетекшісімен тексеріледі және кафедра меңгерушісінің бұйрығымен құрылған комиссия алдында қорғалады.

7.16 Практика есебі қорғаудан өткеннен кейін, тиісті баға мен жетекшілер және комиссия мүшелерінің қолы қойылып, есеп ЖООКББ-де магистранттың аттестациялық іс қағазында сақталады.

7.17 Егер білім алушы дәлелді себепсіз практикаға келмесе немесе қорытынды бақылау бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алса, ол курс бойынша қайта оқуға қалдырылады.

7.18 Практика бағдарламасын дәлелді себеппен орындай алмаған білім алушылар теориялық оқудан бос уақытында немесе жеке кесте бойынша практикадан қайта өтеді.

7.19 Практикадан өтпеген, практика бағдарламасын орындамаған, теріс мінездеме алған немесе есеп-күнделікті қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған (академиялық қарызы бар), басқа ЖОО-дан немесе басқа білім беру бағдарламасынан ауысқан (академиялық айырмашылығы бар) білім алушылар келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде теориялық оқумен қатар жеке кесте бойынша ақылы негізде практикадан қайта өтеді.

7.20 Егер білім алушылар академиялық ұтқырлық аясында серіктес ЖОО-ларда білім алу үшін шықса, практикадан сол жерде немесе кетер/қайтар алдында жеке кесте бойынша тегін өтеді.

7.21 Егер білім алушы академиялық демалыстан кейін оралғанда практика бойынша академиялық айырмашылық пайда болса, ол практикадан жеке кесте бойынша тегін өтеді.

8. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ МАЗМҰНЫ

8.1 Педагогикалық практика – ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

8.2 Педагогикалық практика оқыту әдістемесі мен практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Оның мазмұны теориялық білімді жүзеге асыруға және студенттер тобымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге, сондай-ақ жоғары білікті мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыруға бағытталған.

8.3 Педагогикалық практиканың мақсаты – жоғары оқу орнында оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқаруға қажетті кәсіби және тұлғалық құзыреттерді қалыптастыру.

8.4 Педагогикалық практиканың негізгі міндеттері:

8.4.1 оқытылатын пәннің ерекшеліктерін ескере отырып, қазіргі заманғы оқыту әдістері мен технологияларын қолдануға үйрету;

8.4.2 студенттермен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық дағдыларын қалыптастыру;

8.4.3 болашақ жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттерін дамыту.

8.5 Педагогикалық практика теориялық оқу кезеңінде, оқу процесінен қол үзбей өткізілуі мүмкін. Бұл ретте магистранттар бакалавриатта сабақ жүргізуге тартылады.

8.6 Педагогикалық практиканың өту орындары (базалары) – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың білім беру бағдарламаларына сәйкес университеттің бітіруші кафедралары болып табылады.

8.7 Білім алушылардың педагогикалық практикасы бітіруші кафедрадан бекітілген жетекшінің бақылауымен өткізіледі.

8.8 Педагогикалық практика білім алушы ұсынған есептің негізінде кафедралық жетекшімен бағаланады. Есептің мазмұны мен құрылымы педагогикалық практика бағдарламасында сипатталады.

9. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ ПРАКТИКАНЫҢ МАЗМҰНЫ

9.1 Білім алушылардың зерттеу практикасы – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

9.2 Зерттеу практикасының негізгі мақсаты – білім алушыларға өз бетінше ғылыми зерттеу жүргізу және зерттеу барысында алынған мәліметтерді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

9.3 Зерттеу практикасы мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

9.3.1 отандық және шетелдік ғылымдағы заманауи теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктермен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдерімен танысу;

9.3.2 ғылыми-зерттеу жұмысын дербес жүргізу бойынша практикалық дағдыларды меңгеру;

9.3.3 диссертацияны/жобаны тиісті деңгейде жазу.

9.4 Зерттеу практикасының негізгі міндеттері:

9.4.1 жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту барысында алынған білім, білік және дағдыларды бекіту;

9.4.2 кәсіби салада дербес ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларын меңгеру;

9.4.3 білім алушыларға ғылыми зерттеудің заманауи әдіснамасын үйрету;

9.4.4 ғылыми ақпаратты жинау, талдау және өңдеудің заманауи әдістерін меңгеру, зерттеудің оңтайлы әдістерін таңдау;

9.4.5 зерттеу жүргізу үшін қажетті құралдар жиынтығын құрастыру және эмпирикалық материал жинау тәсілдерін үйрену;

9.4.6 ғылыми зерттеуді қазіргі ғылым методологиясына және ғылыми зерттеулердің логикасына сәйкес ұйымдастыру;

9.4.7 білім алушылардың ғылыми зерттеуге шығармашылық тұрғыдан келуін ынталандыру және белсендіру;

9.4.8 зерттеу нәтижелерін баяндаудың жазбаша және ауызша түрлерін меңгеру: есептер, жарияланымдар, семинарлар мен ғылыми конференциялардағы баяндамалар түрінде ұсыну;

9.4.9 көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

9.5 Магистранттардың зерттеу практикасы диссертация орындалатын жерде өткізіледі.

9.6 Зерттеу практикасы кафедра отырысында қаралған практика бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

9.7 Зерттеу практикасының мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес анықталады.

9.8 Білім алушылардың зерттеу практикасына жетекшілік ету ғылыми жетекші мен практика базасындағы жауапты тұлға арқылы жүзеге асырылады.

10. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫҢ МАЗМҰНЫ

10.1 Өндірістік практика бейіндік магистратураның білім беру бағдарламасының құрамдас бөлігі болып табылады.

10.2 Өндірістік практика арнайы пәндер циклы немесе теориялық оқыту толық аяқталғаннан кейін ұйымдастырылады.

10.3 Білім алушылардың өндірістік практикасы оқу барысында алынған теориялық білімді бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді меңгеруге, сондай-ақ озық тәжірибені игеруге бағытталады.

10.4 Өндірістік практиканың негізгі міндеттері:

10.4.1 кәсіби шеберлікті және дағдыларды жетілдіру;

10.4.2 кәсіби қызметтің озық әдістерін меңгеру;

10.4.3 ұйымдастырушылық тәжірибе жинақтау;

10.4.4 қазіргі заманғы басқару қызметінің негізгі дағдыларын меңгеру (бөлімше қызметін жоспарлау, мәселелерді шешу, басқарушылық шешімдер қабылдау, қызмет процесі мен нәтижелеріне бақылау жүргізу).

10.5 Өндірістік практика кафедра отырысында қаралған практика бағдарламасына сәйкес өткізіледі.

10.6 Практика өтетін орындар ретінде оқытылатын білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін түрлі меншік нысанындағы кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар болуы мүмкін.

11. ҮДЕРІСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР

11.1 Негізгі тәуекел	11.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша әрекеттер
- тәжірибеден өту мерзімдерін сақтамау және есеп беру құжаттарын уақтылы ресімдемеу;	- тәжірибе кестесін нақты құрып, білім алушыларға алдын ала таныстыру; - уақтылы орындалуын бақылайтын жауапты тұлғаларды тағайындау; - білім алушылардың есептік құжаттарды орындауын апталық негізде бақылау.
- тәжірибе базаларымен келісімшарттардың белгіленген мерзімде жасалмауы;	- тәжірибе басталғанға дейін 1 ай бұрын келісімшарттарды дайындау және бекіту; - мерзімдердің сақталуын кафедралар мен ЖООКББ тарапынан бақылау; - барлық әрекеттегі келісімшарттардың реестрін жүргізу.
- тәжірибе базасының білім беру бағдарламасының бейіні мен талаптарына сәйкес келмеуі;	- ұйымдарды келісімшартқа қол қоймас бұрын алдын ала тексеру; - тек аккредитациядан өткен, бекітілген ұйымдармен жұмыс жүргізу; - келісімшартқа базаның міндеттері мен талаптары көрсетілген қосымшаны тіркеу.
- университет пен ұйым тарапынан тәжірибе жетекшілерінің формалды көзқарасы;	- тәжірибе жетекшілеріне арналған нұсқаулықтар мен әдістемелік семинарлар өткізу; - есеп, мінездеме, бақылау парақтары үшін біріздендірілген үлгілерді енгізу; - тәжірибе нәтижелерін бағалау кезінде кафедра немесе комиссия құрамынан тәуелсіз мүшелерді тарту.

12. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

12.1 Осы Ереже Университет Ректорының шешімімен бекітіледі және бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

12.2 Ереженің орындалуына және іске асырылуына практика жетекшілері, магистранттардың ғылыми жетекшілері мен бітіруші кафедра меңгерушілері жауапты болады.

12.3 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес жаңа талаптар қабылдануына байланысты қажеттілігіне қарай енгізіледі.

13. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

13.1 Ереже Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудиті жүргізілген жағдайда сертификаттаушы органдардың сарапшыларынан басқа тараптарға, сондай-ақ тұтынушы-серіктестерге Университет Ректорының рұқсатымен ғана ұсынылады.

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-04

(міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгеріс №	Өзгеріс туралы хабарлама №	Беттер нөмірлері				Өзгерістерден кейінгі беттер саны	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлға (Аты-жөні)	Қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н. СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-05

(міндетті)

МЕРЗІМДІК ТЕКСЕРУ ЕСЕБІ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді орындаған тұлға (Аты-жөні)	Қолы	Ескертпе формулировкасы